

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 370 "2020-2022 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1 шілдедегі № 412 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 шілдеде № 7281 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 370 "2020-2022 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6656 тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "67 395" сандары "68 895" сандарымен ауыстырылсын,

оның ішінде:

трансферттер түсімі – "65 559" сандары "67 059" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "68 485,6" сандары "69 985,6" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ келесідей редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы "2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 8 тармағына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ойыл аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Б. Коздигарин

Ойыл аудандық
мәслихатының хатшысы

Е. Жиеналин

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 1
шілдедегі № 412 шешіміне қосымша
Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6
қаңтардағы № 370 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Саралжын ауылдық округ бюджеті

санаты			сомасы (мың теңге)
	сыныбы		
		кіші сыныбы	
		Атауы	
		1. Кірістер	68895
1		Салықтық түсімдер	1640
	01	Табыс салығы	30
	2	Жеке табыс салығы	30
	04	Меншікке салынатын салықтар	1610
	1	Мүлікке салынатын салықтар	30
	3	Жер салығы	80
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1500
2		Салықтық емес түсімдер	196
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	176
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	176
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	20

	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20
4		Трансферттердің түсімдері	67059
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	67059
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	67059

Функционалдық топ				
	Функционалдық кіші топ			Сомасы
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		(мың теңге)
			Бағдарлама	
			Атауы	
			II. Шығындар	69985,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17885,6
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушыжәнебасқаоргандар	17885,6
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17885,6
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17885,6
04			Білім беру	46062
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	46062
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	46062
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	46062
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6038
	3		Елді-мекендерді көркейту	6038
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6038
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1338
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4200
15			Трансферттер	0
	1		Трансферттер	0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1090,6
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1090,6
08			Бюджеттік қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1090,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1090,6
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1090,6